

Аспанова Гულიмира Рамазанқызының - 6D010200 Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған **«Кіші мектеп жасындағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту»** тақырыбындағы диссертациялық жұмысының

АННОТАЦИЯСЫ

Зерттеу өзектілігі. Өркениеттің қазіргі кезеңдегі даму ерекшелігі бізді қоршаған әлемнің тез өзгеруінде. Қоғамның барлық саласындағы өзгерістер ауқымының соншалықты маңыздылығы, ал олардың әлеуметтік – экономикалық және психологиялық салдарларының батылдығы өркениеттің дамуының жаңа жаһандық – өзгермелі әлемдегі адам мәселесі туындады деп негізді түрде айтуға болады.

Қазақстандағы қоғамдық өмірдің жаңаруы, әлеуметтік- экономикалық жағдайдың тұрақталуы, білімнің жаңғыртылуы жас ұрпақ бойында ХХІ ғасыр тұлғасына тән сапаларды тәрбиелеу міндетін қояды. Осыған байланысты білім беру мемлекеттік тапсырысты жүзеге асырушы институт ретінде ұйымдастырушылық қабілеттері айқын, қалыптан тыс идеяларды ұсына және айналасындағыларды соңынан ерте алатын, командада жұмыс істей білетін, басқа адамдармен өнімді өзара қарым-қатынастар құра алатын адамдарды дайындауды атқаруы тиіс.

Адам көшбасшы болып туылмайды, көшбасшылық қабілет өмір сүру барысында қалыптасатындығы белгілі. Дегенмен қазіргі уақытта ғалымдар кез келген тұлғаның көшбасшы болуға әлеуеті бар деген пікірге тоқталады. Алайда статистикалық мәліметтер бойынша адамдардың 5% ғана табысты көшбасшы болады екен. Міне, осы үшін де білім беру жүйесіне өсіп келе жатқан ұрпақта көшбасшылық қабілетті дамытуға мақсатты бағытталған үрдіс, жаңа психологиялық – педагогикалық құралдар мен әдістер қажет.

Көшбасшы – бастама көтеретін, өзіне жауапкершілік жүктей алатын, жарқын тұлға. Бұл тұлға, топтың басқа мүшелері өздеріне жауапты шешімдерді жүктей алатын, олардың қызығушылықтарын, бағытын және барлық топ қызметінің сипатын анықтайды. Ондай тұлғалар балалар ұжымында- ақ қалыптасып, дами бастайды.

Қазіргі кезде елімізде мектептегі білім мазмұнын жаңарту бойынша мақсатты және жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Оның негізгі мазмұны білім беруде халықаралық білім кеңістігіне кірігу және инновацияны енгізу негізінде сапаға қол жеткізуге бағытталған. Бұл міндет баланың тұлға болып белсенді қалыптасу кезеңі, өзінің қабілеті мен қасиеттерінің қалыптасуын анықтайтын кіші мектептік жас жағдайында арта түседі. Дәл осы бастауыш мектеп баланың тұлға болып қалыптасуын, оның қабілетін толықтай дамытуды, жан-жақты жетілуіне жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Сондықтан осы кезеңде баланың жасырын қабілеттерін тауып оларды дамыту қажет.

Мәселенің зерттелу жайы. Көшбасшылықты дамыту мәселесі көп ғасырлар бойы әртүрлі бағыттағы өкілдердің назарын аудартқан. Осы құбылыстың құпиясына еруге Конфуций, Аристотель, Платон және басқалар талпынған. Замануи батыс қоғамтану әдебиеттерінде көшбасшылық мәселесі өте кең ұсынылған, оны Ж. Блондель, Б. Басе, К. Левин және т.б сияқты атақты ғалымдар зерттеген.

Көшбасшылық мәселесін терең түсінуге В.П. Клычков, В.Т. Пуляев сияқты философтардың және де Ю.В. Бромлей, Ю.В. Кнышенко, В.П. Алексеев сияқты атақты тарихшылардың замануи зерттеулері түрткі болды.

Тұлғаның көшбасшылық қабілетін қалыптастыруды реттейтін үдеріс ретінде биопсихологиялық және әлеуметтік факторлардың өзара қатынас тетіктерін түсінуге Б.Д. Парыгин, Е.М.Дубовская, А.А.Ершов және т.б психологиялық еңбектері мүмкіндік берді.

Көшбасшылыққа топтық қарым-қатынастың феномені ретінде психологтар Р.Л. Кричевский, Л.И. Божович және т.б. педагогтер: О.С. Газман, Ф.Я. Шапиро және т.б.жұмыстарын арнаған.

Көшбасшылық мәселесін дамытуға Е.В. Андриенко, В.В. Давыдов, А.В. Запорожец, С.А. Багрецов (көшбасшылық типологиясы). А.И. Донцов (топтық бірігудің мәселелері) және Я.И. Коломинский (кіші топтардағы қарым-қатынастың психологиясы) белгілі үлес қосты.

Кіші мектеп жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамытудың теориялық негіздерін анықтау үшін олардың даму ерекшеліктері бойынша мәселе зерттеген, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау ерекшелігін қарастырған, балалардың табиғат нысандарын қабылдауын зерделеген Л.Н. Божович, А.Н. Леонтьев С.Л. Рубинштейн, Ж.Ы. Намазбаева, Қ.Б. Жарыкбаев, Х.Т. Шеръязданова сияқты психологтардың еңбектері маңызды орын алады.

Бүгінгі күні ұжым ішінде тұлғаны зерттеуге арналған жұмыстар ерекше рөл атқарады. Осы мәселені алғаш қарастырған В.А. Сухомлинский, А.С. Макаренко ұжымдық тәрбиедегі маңызды фактор деп есептеген. А.С. Макаренконың: ұжым мен тұлға, ұжымдық шығармашылық қызмет идеялары тәрбиенің маңызды тұжырымдамасын әзірлеуге әсер етті.

Отандық педагогика ғылымында да зерттеліп отырған мәселені талдауға жағдай жасайтын теориялық алғышарттар қалыптасқан. Бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлаудың тарихи - теориялық мәселелерін Р.К. Бекмағамбетова; мұғалім мамандарын даярлау мәселесіне Н.Д. Хмель, Н.Н. Хан, Л.А. Шкутина, Б.Т. Кенжебеков О.Б. Боталова, А.Д. Сыздыкпаева т.б еңбектері арналған.

Бастауыш білім берудің мазмұны мен әдістеме мәселесі, дамыта оқыту идеяларының қолданылуы Л.В. Занков, Н.А. Менчинская, Д.Б. Эльконин, С.Н.Лысенкова, қазақстандық оқулықтар авторлары К.А.Аймағамбетова, Т.К. Оспанова, С. Рахметова, А.Е.Жұмабаева; Г.И. Уайсова және т.б жаңартылған мазмұн бойынша оқулықтар авторлары А.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, Р.А Бучина, Е.В. Богатырева және басқалар еңбектерінде ұсынылған.

Заманауи бастауыш білім беру вариативтік жүйесі мен моделін әзірлеген Ш.А. Амонашвили, Н.Ф. Виноградов, Н.Б. Истомин, А.А. Плешаков, сонымен қатар оқыту үдерісін технологияландыруды қарастырған В.П. Беспалько, И.П. Волков, М.В. Кларин, В.М.Монахов, Г.К. Селевко және т.б еңбектері зерттеу үшін маңызды орынға ие.

XX ғасырдың аяғында кіші мектеп жас оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелері Б.А. Тургунбаева, А.С.Амирова, С.Н. Жиенбаева, Ж.Е. Сарсекеева және т.б еңбектерінде белсенді қарастырылды.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың танымдық және әлеуметтік белсенділігін дамыту Н.Б. Жиенбаева, Ж.А. Жусупова; олардың өзіндік бағалауын А.М. Сембаева; бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік ынтымақтастығын қалыптастыру мәселелері Л.Е.Агеева, Л.А. Куранбаева еңбектерінде көрініс табады.

Біздің жұмысымыз үшін Қазақстандағы саяси көшбасшы болу мәселесі бойынша отандық ғалымдар: Б.Т. Куппбаев, А.Т.Байтурбаев, Г.М.Қозыбақовтардың еңбектері, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көшбасшылық қасиеттерін дамытуға арналған Б.Баймұхаметов пен педагогикалық оқу орыны студенттерінің көшбасшылық әлеуеттерін дамыту мәселесі қарастырылған М.Ә.Ушатовтың еңбектері ғылыми қызығушылық тудырды.

Алайда қарастырылып отырған мәселе бойынша ғылыми еңбектердің көптігіне қарамастан, біз жүргізген талдау жұмыстары кіші мектеп жасындағы оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамыту мәселесі педагогика ғылымында толығымен негізделмегендігін, бізді қызықтырып отырған мәселе негізінен психологиялық тұрғыдан зерттелгендігін, балалардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту үдерісінде бастауыш мектептің білім беру ортасының мүмкіндіктерін пайдалану арнайы зерттеу нысанасына алынбағандығын көрсетті.

Осыған байланысты:

- қоғамның инновациялық даму жағдайындағы белсенді қызмет жасауға дайын тұлғалардың қажеттілігі мен ерте жастан бастап көшбасшылық қабілеттерді дамыту мәселесінің қазіргі педагогика ғылымда жеткілікті қарастырылмағандығы;

- кіші мектеп жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамытуда әртүрлі педагогикалық құралдарды қолданудың қажеттілігі және осы үдерістің ғылыми-әдістемелік ілеспесінің жеткіліксіз әзірленуі **арасындағы қарама-қайшылықтарды** шешуге бағытталған зерттеу өткізудің қажеттілігі туындайды

Көрсетілген қарама-қайшылықтар ғылыми ізденудің бағытын айқындап, кіші мектеп жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерінің табысты дамуына ықпал жасайтын, құрылымды-қызметтік модельді әзірлеу *мәселесін* анықтауға мүмкіндік береді.

Анықталған қарама-қайшылықтарды шешудің маңыздылығы мен тұжырымдалған мәселе, зерттеу тақырыбын: **«Кіші мектеп жасындағы**

оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту» деп таңдауға негіз болды.

Зерттеу мақсаты: кіші мектеп жас оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық - қызметтік моделін теориялық тұрғыда негіздеп, әзірлеп, тәжірибеде сынақтан өткізу.

Зерттеу нысаны: бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісі.

Зерттеу мәні: заманауи бастауыш мектеп оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамыту.

Зерттеудің ғылыми болжамы: *егер* бастауыш мектептегі оқу-тәрбие үдерісіне әр кезеңі белсенді және өзара белсенді әдістер, формалар және құралдармен қаныққан, көшбасшылық қабілетті дамытудың бағдарламасы қамтылған құрылымдық – қызметтік моделі жүзеге асырылса, *онда* осы үдеріс тиімді болады, *өйткені* бұл жағдайда кіші жастағы оқушылар өздерінің көшбасшылық қабілеттерін жетілдіруге ықпал ететін мазмұнды, әртүрлі жоспарлы әрекетке араласуға мүмкіндік алады.

Зерттеу міндеттері:

1. Кіші жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту мәселесінің теориялық алғышарттарын айқындау;

2. «Кіші жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттері» түсінігінің мәнін, құрылымын, мазмұнын және даму ерекшелігін анықтау;

3. Кіші жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-қызметтік моделін жасау, оның компоненттерін, мазмұнын және байланыстарын анықтау;

4. Кіші жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерінің сатылай дамуын қарастыратын психология-педагогикалық құралдар мен әдістер кешенінен түзілген бағдарлама әзірлеп негіздеу, тиімділігін тәжірибеде тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы - кіші жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерінің психикалық және тұлғалық сапалардың жиынтығы ретінде табысты дамуы әдістемелік тетіктердің дайындалуы мен оларды бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде шығармашылықпен қолдану деңгейіне байланысты.

Зерттеудің теориялық негізі шет елдік көшбасшыны дамыту теориялары (Е.Богардус, С.Кучмарски, Т. Кучмарски, А. Менегетти, Р. Стогдилл т.б.); Л.В. Выготскийдің психологиялық даму, Р.Л. Кричевскийдің көшбасшылық теориялары; А.Н. Леонтьев, С.Л.Рубинштейннің тұлғаны дамытудағы тұлғалық-қызметтік әдістері; А.Л. Уманскийдің көшбасшылықты педагогикалық ынталандырудың тұжырымдамасы болып табылады.

Кіші жастағы мектеп оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамытудың **әдіснамалық негізі** аксиологиялық, жүйелілік, әрекеттік, синергетикалық және тұлғалық-бағдарлы тұғырлар, жалпығылыми даму, детерминизм, белсенділік ұстанымдары болып табылады.

Зерттеудің мақсаты, міндеттері, болжамы зерттеу әдістерін таңдауға мүмкіндік берді. Олар өзара толықтырылатын және өзара тексерілетін:

теориялық (талдау, жинақтау, модельдеу, салыстыру); *эмпирикалық* (кешенді бақылау, анкеталау, эксперимент, тестілеу) *математикалық-статистикалық* әдістер.

Зерттеу үш кезең бойынша өткізілді.

Бірінші кезеңде (2013-2014ж.ж.) – (теориялық) зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психология-педагогикалық әдебиеттер зерделенді, мәселенің қарастырылу деңгейі анықталды; зерттеудің әдіснамалық аппаратының әзірленуі жүзеге асырылды.

Екінші кезеңде (2014-2015ж.ж.) – (модельдеу) кіші мектеп жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту моделі құрастырылды, зерттеудің әдіснамалық негіздері мен зерттеу әдістері анықталды, тәжірибені негіздейтін және қалыптастыратын бағдарлама жасалды.

Үшінші кезеңде (2015-2016ж.ж.) – (қорытынды-жалпылама) зерттеу жұмысының апробациясы мен талдауы жүргізілді, тәжірибенің алынған мәліметтері талданды, зерттеу перспективасымен байланысты кіші мектеп жасындағы оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамыту мәселесіне қатысты практикалық ұсыныстар әзірлеу жүзеге асырылды, диссертацияның жазбаша рәсімделуі жүргізілді.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Көшбасшылық – көпөлшемді құбылыс ретінде: психологиялық-педагогикалық феномен; тұлғааралық қатынастардың айқындалған құрылымы; топтық тұлғаралық қарым - қатынасқа үздіксіз әсер ету үдерісі; белгілі бір топ мүшесінің әлеуметтік белсенділігін көрсететін, оның басқа топ мүшелеріне қатысты ерекше орынды иеленуінің тетігі ретінде әртүрлі аспектіде қарастырылады, талданады. Көшбасшы - нақты туындаған жағдай мен мәселені шешуді ұйымдастыру барысында топ мүшелерінің өзара әрекеттестігі нәтижесінде ұсынылған, белгілі бір қызметтерді өзіне ала алатын кіші топ мүшесі.

2. Болашақ көшбасшыларды анықтау, тәрбиелеу, дамыту мәселесі әр елдердің психология және педагогика ғылымдарында қарастырылып келеді. Оларда дені сау болып туылатын әр балаға көшбасшылық етудің көріністері тән екендігі айтылады. Кіші жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін біз балалар ұжымының басқа топ мүшелеріне әсер етуге мүмкіндік беретін: әлеуметтік белсенділік, коммуникативтілік, бастамашылдық, өзіндік бағалау, ұйымдастырушылық біліктер сияқты тұлғалық психологиялық сапалар жиынтығы деп түсінеміз.

3. Кіші жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамытудың құрылымды-қызметтік моделі жүйелілік, аксиологиялық, тұлғалық-бағдарлы және синергетикалық амалдар негізінде әзірленген; мақсат, міндет, қызмет түрлері, критерийлер көрсеткіштер, нәтиже сияқты компоненттерден құралған педагогикалық ұйымдастырылған үдеріс. Модельдің әрбір компоненті кіші жастағы оқушылардың көшбасшылығын дамытуды жалпы педагогикалық тұрғыда шешудің ерекше мазмұны мен арнайы әдістемесінен түзіледі.

4. Кіші жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту – қажетті сапалар мен дағдыларды мақсатты қалыптастыру мен тереңдету. Психологиялық - педагогикалық құралдардан, әдістерден тұратын кіші жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту бағдарламасы (көшбасшылық шеберханасы, ойын, әлеуметтік-психологиялық тренинг, психологиялық ертегілер, WEB-сайт, «Мен – кітап» өзін - өзі бақылау және өзін талдау күнделігі, «Көшбасшы деген кім?» бояу кітапша, лэпбук), қарастылып отырған үдерістің тиімді іске асырылуын қамтамасыз етеді, арнайы ұйымдастырылған білім беру кезеңдерінде сатылай меңгеруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми-теориялық маңыздылығы келесі аспектілермен анықталады:

- кіші жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамытудың теориялық алғышарттары болатын философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жүзеге асырылды;

- «кіші жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілет» түсінігінің мәні нақтыланып, олардың даму ерекшеліктері анықталды;

- өзара қарым-қатынас құрылымдық компоненттер жүйесін құрайтын, кіші жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамытудың «нормативтік-мақсаттық», «теориялық-әдістемелік», «процессуалдық»; «бағалау-нәтижелік» компоненттерден тұратын құрылымдық-қызметтік моделі құрастырылды;

Зерттеудің **практикалық маңыздылығы** осы үдерісті ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуге және тиімділігін арттыруға қажетті құралдар, әдістер қамтылған (көшбасшылар шеберханасы, ойын, психологиялық ертегілер, WEB-сайт, психологиялық тренинг, өзіндік бақылау күнделігі, лэпбук т.б.) кіші жастағы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту бағдарламасы мен әдістемелік құралдың әзірленгендімен мақұлданады.

Зерттеу нәтижелері жалпы білім беру мектептерінің жұмысында тікелей қолданылды, автордың Павлодар қаласының №17 ЖББМ, №42 ЖББМ эксперименталды жұмыс жетекшісі ретінде практикалық қызметі арқылы енгізілді.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және ендіру. Диссертация тақырыбы бойынша 13 мақала жарияланды, оның ішінде 2 - уі Scopus базасына енетін журналдарда; 3 мақала Білім саласын бақылау комитеті тізіміне енген басылымдарда, 1 мақала алыс шет елдік ғылыми басылымда, 3- мақала жақын шетелдік ғылыми басылымдарда, 4 мақала халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында жарық көріп, қолдау тапты.

Диссертацияның құрылымы: диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытынды мен әдебиеттер тізімінен (200 аталым) және қосымшалардан тұрады. Жалпы көлемі – 160 бет.